

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 16 ақпан 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ, Қытай Ұлттық Мұнай-Газ Корпорациясы және Қытай Мұнай Барлау және Игеру Компаниясы даму және ынтымақтастық мәселелерін талқылады

Астанада «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры Талғат Құрманбаев Қытай Ұлттық мұнай-газ барлау және игеру компаниясының (China National Oil and Gas Exploration and Development Company Ltd.) және Қытай Мұнай Барлау және Игеру Компаниясы (CNPC Exploration and Development Company Ltd.) қытайлық қатысушысының өкілі Мэн Сяндунмен кездесті.

Кездесуде тараптар «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС және «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорындарын басқару аясындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады және бұрын қол жеткізілген уағдаластықтарды сақтауға бейілділіктерін білдірді. Сондай-ақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы энергетика саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытудың ықтимал жолдары талқыланды.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие. Мұнайды қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарына және 5 бағыт бойынша экспортқа тасымалдайды: «Атырау-Самара» және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырлары, Ақтау порты (мұнайды танкерлерге құю), КҚК жүйесіне ауыстырып тиеу, теміржол (цистерналарға құю).

«МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» ЖШС («МұнайТас» СБҚК») – қатысушылары «ҚазТрансОйл» АҚ (қатысу үлесі - 51%) және CNPC Exploration and Development Company Ltd (қатысу үлесі-49%) болып табылатын шетелдік қатысуы бар заңды тұлға, 2001 жылғы желтоқсанда құрылған.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС (ҚҚК) – «Атасу – Алашанькоу» мұнай құбырын жобалау, салу және пайдалану мақсатында құрылған, қатысушылары «ҚазТрансОйл» АҚ және Қытай ұлттық мұнай-газ барлау және игеру компаниясы (бұдан әрі-CNODC) (50/50) болып табылатын шетелдік қатысуы бар заңды тұлға. ҚҚК 2004 жылғы 30 маусымда ҚР және ҚХР Үкіметтері арасында 2004 жылғы 17 мамырда жасалған «Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» сәйкес «ҚазТрансОйл» АҚ және CNODC шешімімен құрылды.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**